

Колониядағы «Ашық есік күні»



ҚР ІІМ ҚАЖК «УК-161/11 мекемесі» РММ-де 2019 жылдың 19 мамырында «Ашық есік күні» болып өтті. Бұл мерекеге сотталғандардың туған-туыстары мен жақындары, сондай ақ қоғамдық бақылау комиссиясының, ұлттық преевтивті механизмнің өкілдері шақырылды.

Қостанай облысы бойынша ҚАЖД САТЖБ бастығы әділет капитаны Дамир Жумабаевич Махметов және САТЖБ аға инспекторы әділет капитаны Айдос Муратович Рамазанов осы мерекені өткізуге тәжірибелік көмек көрсетті.

25 тен астам қонақ осы күні мекемеге келіп кетті. Осында жазасын өтеп жатқан сотталғандардың әрқайсысы өздерінің туған-туыс жақындарын шақыруға мүмкіндік алды. Алдымен қонақтарға осы іс-шараны ұйымдастырудың мән-жайы түсіндірілді, кіші қауіпсіздік колониясының сотталғандардың түзелуіндегі рөлі туралы кішігірім әңгімені келушілер ерекше назармен тыңдады.

Ал енді көптен күткен сәт келді, кейбірінде жақын адаммен кездесуден қуаныштан көздерінен жас шығып жатса, келгендер жағын мекемеде ұстау режимі туралы өздерінде қалыптасқан ұғымдарының басқаша болып шыққандығы таңғалдырып жатты. Өйткені, барлығын да олардың туыстары қандай жағдайларда тұратындығы алаңдататын еді. Мұндағы жағдайды

көріп, оң көзқарас қалыптасты. Қонақтарға сотталғандарға бірінші медициналық көмек көрсететін санитарлық бөлім, сотталғандарда эстетикалық вукусты және табиғаттың сұлулығын түсінуді тәрбиелеу мақсатында кітапхана, көркемөнер үй-жайы көрсетілді. Ата-аналар және іс-шара қонақтары монша-жуу комбинатына және сотталғандардың асханасына барып қайтты. Асхана мәзірімен танысты, онда олар сотталғандардың түскі асының дәмін татты және тамақтың дәміне таң қалды, содан соң сотталғандардың туыстары мекеме қызметкерлерімен



олардың туыстары және жақындары тұрып жатқан жасақтарға барды. Келушілер сотталғандар мекеменің ашық спорт аумағында және тренажерлік залында спортпен айналысатына таңтамаша қалды. Мекемеде сотталғандар арасында волейбол және футбол бойынша спартакиадалар, жарыстар жиі өткізіліп тұрады.

Міне, сотталғандар және олардың туыстары, жақындары мерекелік дастарханда бас қосты. Туған-туыстардың сөздері таусылмады. Аналар көз жастарын сүртті, күйеулер сүйіктілерінің қолдарын жібермеді, әкелер өздерінің кішкентай балаларын қайт-қайта сүйе берді. Мекеме қабырғасында

балалық күлкі естілді. Сырт жағынан жай адамдар көп уақыттан соң үлкен үстелдің ортасында бас қосқан сияқты көрінді.

Осыдан соң, сотталғандардың ата-аналары және туған-туыстары акт залына шақырылды, онда ҚР ІІМ 2014 жылғы № 58 бұйрығының 1т.5 т. 7\а сәйкес сотталғандарды бірге тәрбиелеу бойынша жиналыс өткізілді, қарсы алу сөзімен сотталғандар арасында тәрбие жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бастығы әділет лейтенанты Ғалибек Қайратұлы Төлепбергенов сөз сөйледі.

Кіші қауіпсіздік колониясы бастығының тәрбие жұмысы бойынша орынбасары әділет майоры Марат Танатканович Нуркин бас бостандығынан айыру орындарындағы қорқынышты өмір туралы мифтерді сейілдіру, жан-ұялық байланысты сақтап қалу, әр сотталған оны жақсы көріп және үйінде күтіп отырғандығына сенімді болуы үшін жыл сайын «Ашық есік күні» өткізілетіндігін түсіндірді.

Осы басқосуда мен де сөз алып «Әр адамның өмірінде әр алуан жағдайлар болады. Егерде, адам бір рет жолдан тайса, бірақ өзінің қатесін түзегісі келсе, онда ол адал және таза жұмыс жасайды, бұқаралық-мәдени іс-шараларға белсене қатысады. Оған шартты мерзімінен бұрын босатылу, немесе жазасының өтелмеген бөлігін жазаның басқа түріне ауыстыруға мүмкіндік беріледі. Ол сотталғандарға оң ықпалын тигізеді, оларды үйіне туған-туыстарына оралуына қосымша талпындырады - деп айтып өттім.

Әр қонақ қақпаның ар жағындағы өмір туралы оң көзқараспен кетті. Осы сияқты іс-шара сотталған адамның ішкі өмірін тәрбиелеу және олардың әрқайсысында туған-туыстары қасында болған кездегі бостандықтың бағасының мағынасын нығайту үшін өте маңызды.

Динара МАДИЯРОВА,
ҚР ІІМ ҚАЖК «УК-161/11 мекемесі» РММ
САТЖБ психологиялық қамтамасыз ету тобының аға инспектор психологы әділет капитаны

Президенттік көпсайыс



2018 жылғы 20 мамырда Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының спорт алаңында 1-3 курстар аралығында «Президенттік көп сайыстан» спорттық жарыс өтті.

Қатысушылар 2 қашықтыққа: жігіттер – 2400 м, қыздар 800 м қашықтыққа жүгірді. Сайыстың шарты бойынша әр курстан 80 жігіт, 30 қыз қатысуы тиіс. Курстың көрсеткішін ең соңғы жүгіріп келген қатысушының уақытымен есептеді. Командалық көрсеткіште 11.16 минутта келген 2-курс курсанттары 1-орынды қанжығасына байлап, 1 және 3-курсты артта қалдырды. 11.22 минутта жүгірген 1-курстың желаяқ жігіттері 2-курстан небәрі 6 секундқа қалып 2-орынға ие болды. 3-курс курсанттары 12.05 минутта жүгіріп 3-орынды қанағат тұтты.

Өз қарсыластарын айқын басымдылықпен жеңген 1-курс курсанты В. Полукееваның көрсеткіші 2.50 минут, 3-курс курсанты Н. Сенекіна 3.04 минутта келіп 2-орынға ие болды, ал 3-орынды 3.10 минутта келген 2-курс курсанты О.Чужинова жеңіп алды. 2800 метр қашықтықта жақсы нәтиже көрсеткен 1-курс курсанты А. Бейімжанов 8.25 минутта, 3-курс курсанты Р. Сейтхан 9.28 минутта, 2-курс курсанты Д. Шафиғолла 9.42 минутта мәре сызығын кесіп өткен.

Академия бастығы полиция генерал-майоры М.А. Қызылов мырза қатысушыларға сәттілік тілеп келесі сайыстарға бұданда жоғары нәтиже көрсетулеріне тілектестік білдірді.

Қатысушылар арасында бәсекелестік өте жоғары деңгейде болды, сайыс қызықты әрі тартысты өтті.

С. НАҚЫПБЕКОВ,
ҚР ІІМ академиясының 1-курс курсанты

Темір жол – аса қауіпті аймақ



Жазғы демалыс уақыты қарсаңында жасөспірімдер қылмыстарын ескерту және алдын алу, балалардың түнгі уақытында тұрғын жайларынан тыс жерлерде заңды өкілдерінің жүруін болдырмау мақсатында іс-шара өткізілді.

Бұл іс-шарада сондай-ақ, балалардың жарақат алуларын, жазатайым оқиғаларын ескерту, жазғы демалыс уақыты кезеңінде кемелетке толмағандардың жолаушылар поездарында әйнектерді сындыруын болдырмау үшін теміржол ұйымдарының жұмыскерлерімен, сондай-ақ, білім беру органдарының өкілдерімен бірге Құсмұрын кентінің оқу орындарының жұмыскерлеріне және 4-11 сынып оқушыларына "Темір жол – аса қауіпті аймақ" тақырыбына дәріс оқылды, онда оқушылардың назарына адамдардың темір жолдарында болуының негізгі қауіпсіздік шаралары жеткізілді.

Сонымен қатар әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілігі түсіндірілді. Сондай-ақ, темір жол жарақатын алу бойынша статистика келтіріліп, өмірдегі шынайы темір жол жарақаттарын алу жағдайлары жеткізілді.

Е. ЕЛУКЕНОВ,
Құсмұрын ст. ЖПБ бастығы
полиция капитаны

Қоғамдық балалар қозғалысын құратын шығармыз...

Қазақстанның Бала құқықтары жөніндегі уәкілі Зағипа Балиева суицидке балалар қозғалысын құруды ұсынды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Суицид бойынша 2017 және 2018 жылдың алғашқы 4 айына талдау жүргізіп көрдім. 2017 жылдың басында 64 суицид оқиғасы тіркелсе, 2018 жылы - 49. Яғни, балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид 23 процентке төмендеген. Өзіне-өзі қол салуға әрекеттену бойынша, 2017 жылдың 4 айында - 158 жағдай, ал 2018 жылы - 107 жағдай тіркелген. Өзіне-өзі қол салу әрекеті 32 процентке төмендеген», - деп атап өтті Омбудсмен «Балаларға арналған әділ сот: нәтижелер, инновациялар және одан әрі дамуы» конференциясында.

Балиева бұл көрсеткішке ерте қуанбауды, балалар арасындағы суицидті толық жойғанша жұмыс істеу қажеттігін айтты және 2017 жылы 114 баланың суицидтен құтқарылғанын еске салды. «Қазір бұл балалар - біздің достарымыз, бізбен бірге жұмыс істейді. Бәлкім, болашақта жасөспірімдер арасындағы суицидтік райдың алдын алатын қоғамдық балалар қозғалысын құратын шығармыз», - деп өз сөзін толықтырды Зағипа Балиева.

Бұған дейін Омбудсмен Қазақстанда балалардың құқықтары

мен міндеттемелері жүйеленетін жаңа Балалар кодексі әзірленіп жатқанын хабарлаған еді. «Біз үш заң жобасын әзірледік және Балалар кодексінің тұжырымдамасын әзірлеуге кірісіп кеттік. Әрине, қазір дайын деп айтуға келмейді. Әзірге, осы үш заң жобасымен айналысамыз, оның ішінде «Бала және сот әділдігі» заң жобасы да бар. Кодексті әзірлеуде ғалымдарымыздың еңбектерімен таныстық, бірнеше докторлық диссертациялар бар, халықаралық үлгілер бар», - деді Омбудсмен конференция барысында.

Оның айтуынша, жаңа Кодекстен бала және баламен жұмыс істейтіндер өз құқықтары мен міндеттемелері туралы барлық ақпаратты таба алады. «Осында отырған барлық қатысушылар кодексті жетілдіруге атсалысады деп ойлаймын. Себебі, бізге бала және баламен жұмыс істейтіндер өз құқықтары мен міндеттемелері туралы барлық ақпаратты таба алатын кодификацияланған заң керек. Шын мәнінде, бәріміз бірігіп, үлкен жұмыстың іргетасын қалап жатырмыз. Балаларға арналған сот әділдігіндегі ең үздік әлемдік тәжірибелер, үздік дағдылар міндетті түрде ескеріледі», - деп өз сөзін түйіндеді Зағипа Балиева.

inform.kz

Түрмелік реформалар бойынша дәріс берді

2018 жылдың 19 мамырында ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына Астана қаласынан түрмелік реформалар бойынша ұлттық сарапшы PhD, заң ғылымдарының кандидаты қауымдастырылған профессор (доцент) Е.А. Саламатов келді.

Профессор Е. Саламатов күндізгі оқыту факультетінің 3-курс курсанттарына «Халықаралық құралдарды анықтау гуманитариясының қылмыстық заңнамасы» атты дәріс сабағын жүргізді. Дәріс барысында Е. Саламатов Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасындағы сонғы өзгерістерге назар аударды.

Офицерлер мен курсанттар ерекше мұқият көңіл бөліп тыңдады, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды, дәріскер қойылған сұрақтарға толыққанды жауап берді.

А. ҚОЖАХМЕТ,
ҚР ІІМ академиясы Қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы және криминология кафедрасының оқытушысы полиция капитаны

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru